

3 Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы



4 Білікті бапкерге құрмет



- www.facebook.com/syrboyi.kz
- www.instagram.com/syrboyi\_kz
- t.me/syrboyi\_kz
- twitter.com/syrboyi



# Сыр бойы

№91 (21166) 23 маусым, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

## Өңірлік ықпалдастық нығая береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы Саида Мирзиёеваны қабылдады. Бұл сапар Астана мен Ташкенттің стратегиялық серіктестігін ілгерілету тұрғысынан ерекше мәнге ие екені атап өтілді.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ортақ ынтымақтастықты дамыту үшін өте пайдалы болады деп санаймыз. Біздің саяси жүйелерімізде президент Әкімшіліктері айрықша рөл атқарады. Мен Әкімшіліктер арасындағы жұмыс қатынастарының жанданғанын әрдайым қолдаймын. Бір-бірімізбен байланыстарымыз артқан сайын Орталық Азиядағы тұрақтылық, өңірлік ықпалдастық нығая түседі. Өйткені Қазақстан да, Өзбекстан да тұтас көрсеткіштер бойынша ірі мемлекеттер саналады. Елдеріміз қазір дамудың бетбұрыс кезеңінде тұр. Бізге бейбітшілік пен қауіпсіздік қажет. Сонда ғана реформаларды сәтті іске асыра аламыз, – деді Президент.

жарияланғанына тоқталды. – Мен Бұхараға жасаған жұмыс сапарымды ризашылықпен еске аламын. Біз Өзбекстанның көптеген салада, соның ішінде жасанды интеллектті енгізу мен цифрландыру бағытында қол жеткізген табыстарымен танысуға мүмкіндік алдық. Әлем жасанды интеллектті қарқынды түрде дамытуға бет бұрды. Осы орайда біз де қазіргі заман ағымына ілесіп білуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке жылы лебізін жолдады.

Саида Мирзиёева кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Сізге Өзбекстан Президентінің ізгі сөлемін жеткізуді зор мәртебе санаймын. Шавкат Миронович



Қазақстанмен көпжоспарлы ықпалдастықты тереңдетуге ерекше мән береді. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі уағдаластықтар мен бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысын айрықша бақылауда ұстайды. Өзбекстан мен Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақтылық және орнықты даму жолында бірге жұмыс істеп жатыр. Оның нәтижесі байқалады. Біз бірлесіп отырып, аймақ үшін жаһандық аренаға жеткізе аламыз. Өзбекстан бүгінде бауырлас Қазақстанда жүргізіліп жатқан өзгерістерді құптады. Қазақстан – сенімді одақтасымыз. Бұл жайында ұдайы айтып келеміз, – деді Өзбекстан Президенті Әкімшілігінің Басшысы.

Кездесу барысында екі елдің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы серіктестігін одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанда қолға алынған жүйелі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жөнінде пікір алмасу өтті.

/// ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ

## «АҚТАУ - ҚЫЗЫЛОРДА - АҚТАУ» БАҒЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«SCAT» әуе компаниясы «Ақтау - Қызылорда - Ақтау» бағыты бойынша субсидиялық жаңа әуе рейсін іске қосты. Алғашқы рейспен 146 жолаушы Қызылордаға келсе, дәл осындай жолаушы Ақтауға аттанды.

Жаңа бағыт рейстері «Boeing» әуе кемесімен аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері ұшады. Ақтау қаласынан шыққан ұшақ Қызылордаға сағат 16:00-де қонып, Қызылордадан Ақтауға сағат 17:00-де ұшып шығады. Билет құны бір бағытқа тұрақты түрде 25 000 теңге.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен ұйымдастырылған алғашқы рейсті дәстүрге сәйкес әуежайдағы су арқасымен салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Жаңа әуе бағыты өңіраралық байланысты нығайтып, жолаушылардың мүмкіндігін кеңейтеді. Сондай-ақ туристік және іскерлік байланыстарды дамытуға оң ықпал етеді.



/// БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

## «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖЕКЕ МҮДДЕДЕН ЖОҒАРЫ»

Мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтықты арттыру, қызметтердің сапасын жақсарту, әдеп нормаларын сақтау басты қағидат саналады. Кәсіби мереке қарсаңында газет тілшісі Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Ерлеген Меңдалиевпен саланың бүгінгі ахуалы, жүзеге асырылып жатқан реформалар, жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту және алдағы жоспарлар туралы әңгімелескен еді. Сонымен қатар қоғамды толғандыратын өзекті мәселелерге қатысты пікір білдіріп, мемлекеттік қызметтің жаңа бағыттары жөнінде ой бөлісті.

2-бет

/// БІЛІМ

## ОҚУ ОРТАЛЫҚТАРЫ: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ



Бір топ ата-ана. Есікке телміріп отыр. Іштен шыққан баладан «қанша алдың?» деп жамырай сұрайды. Көңілі түскен бала аз ұпай жинағанын қымсына айтады. Анасы арқасынан қағып, көңілін аулап барады. Енді бірі қуаныштан бөрік аспанға атып, жоғары ұпай жинағанын айтып мән. Иә, бұл дарынды балаларға арналған мектепке түсу үшін тест тапсыру орталығындағы көрініс. Барінің арманы бір. Баласы үлгілі мектепке түссе деген ниет. Сол үшін ақылы орталыққа береді. Бір жағынан еңбек ақталғанын қалайды.

Қазір оқушылардың көбі мектептен кейін оқу орталығына қосымша білім алуға барады. Баласынан қаражат аямайтын ата-ана күресіп алуға құл көреді. Әсіресе, іргелі білім ордалары мен белді жоғары оқу орындарына түсу үшін арнайы даярлайтын орталықтар бар. Қызметі ақылы болса да баласын қатарынан қалдырғысы келмейтін ата-ана көп. Сураныс болғаннан кейін мұндай орталық күн санап көбейіп келеді. Сонда орталықтағы білімнің мектептегі білімнен артықшылығы бар ма?

Әлеуметтік желіде де оқу орталықтары жайында ақпарат толып тұр. Парақшасын ашып, ақпарат алуға болады. Тіпті нөмір қалдырып, кері байланыс орнатуға да мүмкіндік бар. Егер баланың үй тапсырмасын орындауға ерінсеңіз, онлайн мұғалім де табылады. Демек, сураныс бар.

Қызық былай басталды. Балам 6-сыныпта оқиды.

Бірде математика пәнінің мұғалімі қоңырау шалды. Баламның үлгерімі жақсы екенін айтып, жазда болатын Назарбаев зияткерлік мектебі, қазақ-түрік лицейі, физика-математика бағытындағы және дарынды балаларға арналған мектепке түсу емтиханына қатысуын сұрады. Ол үшін арнайы оқу орталығына беруім керек екен. Содан қаладағы барлық оқу орталығы жайында зерттедім. Бәрі де баланың алдымен деңгейін бағалайтын тест арқылы қабылдайды екен. Содан баланың зейінін ашатын бір орталыққа тоқталдық. Мұғалімдердің басым бөлігі жастар. Сабақ оқыту тәсілдерін айтып, жетістіктері ілінген тақтаны көрсетіп, керемет түсіндірді. Құл көрдік. Осылайша бала дайындықты бастады. Аптасына үш рет барады. Айлық оқу ақысы 70-80 мың теңге арасы. Бір жылға жуық оқыды. Тіпті мұнда екі жылдан бері білім алатын балалар да бар. Жетілдігі де қарастырылған. Байқағаным баратын баланың қарасы көп.

3-бет

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

## ГАЗ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

«Қазақстанда 1 шілдеден бастап көтерме газ бағасы орта есеппен 33 пайызға өседі. Бұл туралы Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев мәлімдеді» деп хабарлайды Egemen.kz.

Вице-министрдің айтуынша, бұл шешім жылыту маусымынан кейінгі газ инфрақұрылымын жаңарту қажеттілігіне байланысты қабылданған.

– Өзгеріс тек көтерме бағаларға қатысты болып отыр. Бұл бағытта орташа өсім 33 пайызды құрайды, өңірлер бойынша нақты бөлінісі бар. Бұл саланы инвестициялық тұрғыдан тартымды етуіміз керек, – деді ол.

Вице-министр газ бағасын көтеру инфляциялық және экономикалық факторлармен де байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар министрлік өкілі көтерме бағаның өсуі тарифтердің бірден қымбаттауына әкелмейтінін айтты.

## КИБЕРҚАУІПСІЗДІК МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ БАСТАЛДЫ

«Қазақстанда «Red Team & Blue Team Cyber Academy» білім беру бағдарламасына іріктеу аяқталып, киберқауіпсіздік саласында тегін білім алатын 100 грант иегері анықталды» деп хабарлайды KAZINFORM ақпарат агенттігі.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, жобаға еліміздің барлық өңірінен 1567 өтінім түскен. Іріктеу нәтижесінде 361 қатысушы «Ұлттық киберқалқан» СТҒ-турниріне қатысып, оның қорытындысы бойынша үздік 100 адам грант жеңіп алды.

Білікті кадрларды даярлау – бүгінде мемлекетіміздің цифрлық егемендігінің негізі. «Red Team & Blue Team Cyber Academy» бағдарламасы қазіргі заманғы киберқауіптерге тиімді қарсы тұруға және Қазақстанның маңызды цифрлық инфрақұрылымының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қабілетті сарапшылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған, – деді Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Досжан Мұсаалиев.

Жоба IT саласында базалық білімі бар 18 бен 45 жас аралығындағы азаматтарға арналған. Қатысушылар алты ай бойы онлайн форматта оқып, киберқауіпсіздік саласындағы практикалық дағдыларды меңгереді.

## 2 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЕГІЗ ЖӘНЕ 54 ҮШЕМ

Елімізде төрт айда 2 мыңға жуық егіз және 54 үшем дүниеге келді. Үшемдер бойынша Түркістан облысы, Атырау облысы және Шымкент қаласы алда.

«Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-сәуір айларында 1926 егіз және 54 үшем тіркелді. Бұл кезеңде төрт-емдер тіркелмеген» деп хабарлайды Aikyn.kz.

Егіздер саны бойынша Түркістан облысы көш бастады. Одан кейін Алматы қаласы (245) және Алматы облысы (175).

2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында дүниеге келген балалардың жалпы саны 99,4 мыңға жетті. Туу көрсеткішінің ең жоғары деңгейі Түркістан облысында (1000 тұрғынға шаққанда 19,75), Шымкент қаласында (19,39) және Маңғыстау облысында (19,28) тіркелді.

«СБ» ақпарат

/// ТАҒАЙЫНДАУ

## НҰРИДДИН АМАНҚҰЛ – ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ

Күні кеше облыс әкімінің орынбасары тағайындалды. Бұл қызметке Нұриддин Аманқұл келді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен отырысында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі және облыс әкімінің өкімімен тағайындалған жаңа облыс әкімінің орынбасары таныстырылды. Мұрат Нәлқожаұлы жаңа орынбасарына өңірдің кәсіпкерлік, туризм және аграрлық әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруды тапсырды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Нұриддин Аманқұлұлы 1986 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетін «Экономика» мамандығы бойынша тәмамдаған, экономика ғылымдарының магистрі. Еңбек жолын 2007 жылы Халықаралық саясат институтында сарапшы ретінде бастап, кейін мемлекеттік және халықаралық инвестициялық-қаржылық ұйымдарда жауапты қызметтер атқарған.

2012-2018 жылдары «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінде департамент директоры, басқарушы директор және Ыстанбұл қаласындағы инвестициялық өкіл болған.

2018-2023 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитетінде шетелдік инвестициялар тарту басқармасын басқарды, сондай-ақ Қазақстанның Түркия Республикасындағы елшілігінде бірінші хатшы және кеңесші лауазымдарында еңбек етті. 2023 жылдың мау-



сым айынан осы тағайындауға дейін Қазақстан Республикасының Ыстанбұл қаласындағы Бас консулы қызметін атқарды.

Мәжілісте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық сот төрағасы Әділхаді Шығамбаев, облыс прокуроры, өңірлік инвестициялық штабтың тең төрағасы Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, облыс әкімі орынбасарының жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

«СБ» ақпарат

/// БҮГІН – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

23 маусым – елімізде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың қауіпсіздігін қорғау және заң үстемдігін нығайту жолында қызмет атқарып жүрген полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Облыстық полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Серік Тоқтыбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізіп, атқарылып жатқан жүйелі жұмыс жайлы баяндады.

– Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыруда ішкі істер органдарының ролі ерекше. Қазіргі таңда полиция қызметін жаңғырту, сервистік модельді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және халықпен өзара сенімді нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар бұл күн бейбіт уақытта қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз өмірін құрбан еткендерге, Қазақстан полициясының іргетасын қалаған ардагерлерге құрмет көрсетіліп, тыныштық пен азаматтардың қауіпсіздігін сақтауда жан қиған әріптестерімізді еске аламыз. Олардың ерліктерін ұлықтау мақсатында облыста «Жас сақшы» полиция сыныптарында 150-ге жуық оқушы тәлім алуға, оның 50-і мектепті үздік аяқтады.

Жалағаш аудандық полиция бөлімінде ішкі істер органдары ардагерлерінің құрметіне «Ардагерлер аллеясы» ашылды. Жалпы облыс бойынша ардагерлер ұйымында 2500-ден астам ардагер-зейнеткер тіркелген, – дейді Серік Әбдімәуленұлы.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен заңдылықты сақтау жолында полиция қызметкерінің атқаратын міндеті ерекше. Қызметтік міндетпен қатар, жеке құрам арасында жүргізілетін идеологиялық жұмыстар да маңызды. Бұл жұмыстың басты мақсаты – қызметкерлердің кәсіби мәдениетін, патриоттық рухын, моральдық-психологиялық тұрақтылығын нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру.

Серік Тоқтыбаевтың айтуынша, полиция қызметкерлерімен кездесулер, дәрістер, семинарлар, дән-

гелек үстелдер және тәрбиелік іс-шаралар тұрақты өткізіледі. Жеке құрам арасында құқықтық мәдениетті арттыру, қызметтік тәртіпті нығайту, кәсіби этиканы қалыптастыру бағытында ардагерлермен кездесулер өткізіліп, олардың тәжірибесі мен өнегелі жолы жас қызметкерлерге үлгі ретінде насихатталды. Мұндай іс-шаралар ұрпақтар сабақтастығын сақтауға және полиция қызметінің беделін арттыруға ықпал етеді.

Облыстық полиция департаменті жылдам қимылдайтын арнайы жасағы қызметкерлері жыл көлемінде спорттық жарыстар бойынша 5 мәрте халықаралық жарысқа және 9 рет ҚР чемпионатына қатысып, жүзделі орындарға ие болды.

Мемлекет басшысының «Халыққа жақын полиция» қағидаты аясындағы жұмыс жүйелі. Облыстық қан орталығына 200-ден астам полиция қызметкері ерікті түрде донор болып келеді.

Бүгінде полиция қызметкерлері тұрғындармен ашық байланыс орнатуға, олардың өтініштері мен ұсыныстарына жедел жауап беруге ерекше көңіл бөледі. Учаскелік инспекторлардың жұмысы күшейтіліп, кездесулер тұрақты өткізіледі. Министрліктің бастауымен ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасы қабылданып, оның шеңберінде қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы жақсарды, жалақысы көбейді, тұрғын үйді жалға алғаны үшін өтемақы алатындар саны артты.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## КІТАПХАНАЛАР ҚОРЫНА ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚОСЫЛДЫ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Қазақстан Республикасының Конституциясын насихаттауға бағытталған тағылымды іс-шара өтті.



Шара барысында облыстық кітапхана басшысы С.Көзейбаев Сырдария аудандық кітапханасының директоры Р.Байлділаева және қалалық орталықтандалырылған кітапханалар жүйесінің директоры Г.Рахметоваға Қазақстан Республикасының Конституциясын салтанатты түрде табыстады.

Рәсім Ата Занның қоғам өміріндегі маңызын кеңінен дәріптеуге, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және өңір кітапханаларының қорын мазмұнды басылымдармен толықтыруға бағытталды.

Қатысушыларға заң ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің

оқытушысы Е.Алтаев Конституцияның ел тәуелсіздігін нығайтудағы, құқықтық мемлекет құрудағы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ерекше роліне тоқталды. Сондай-ақ кітапханалардың құқықтық-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асырудағы маңызды ролін атап өтті.

Конституция аудандық және қалалық кітапханалардың қорын толықтырып, оқырмандардың құқықтық сауатын арттыруға, Конституциялық құқықтарды кеңінен насихаттауға қызмет етеді.

«СБ» ақпарат

## «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖЕКЕ МҮДДЕДЕН ЖОҒАРЫ»

– Ергелез Жәрдемұлы, Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Мемлекет басшысы мемлекеттік қызмет туралы заңға өзгеріс енгізіп, ол шілде айынан қолданысқа енеді. Заңның негізгі жаңашылдықтары қандай?

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына қол қойған болатын. Ол Заң мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған. Негізгі бағыттарының бірі – азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру және кадрлық процестерді цифрландыру. Ең алдымен, заңда мемлекеттік қызметтің мәні мен міндеттері алғаш рет нақты бекітілді. Бұған дейін заң негізінен еңбек қатынастарын реттеуге бағытталса, енді мемлекеттік қызмет ұлттық басымдықтарды іске асырудың негізгі институты ретінде қарастырылып отыр.

Заңның маңызды жаңашылдықтарының бірі – қызметтің сервистік моделіне көшу, яғни мемлекеттік қызметшілердің жұмысы азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланып, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталды. Формалды кедергілерді азайту, цифрлық сервистерге қолжетімділікті кеңейту және азаматтардың құқықтарын іске асыруға жағдай жасау басты назарда болады.

Кадрлық саясат саласында да бірқатар маңызды өзгерістер қарастырылған. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметке кіруге даярлау институты енгізілді. Бұл жастарды мектептен бастап мемлекеттік басқару саласына бейімдеуге, олардың кәсіби құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметке іріктеу процестері толық цифрландырылып, «Е-қызмет» жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл кадрлық рәсімдердің ашықтығын арттырып, мемлекеттік қызметке талантты мамандарды кеңінен тартуға жол ашады. Заң мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсу мүмкіндіктерін де кеңейтеді. «Б» корпусы қызметшілері үшін көлденемен мансаптық өсу тетігі енгізіліп, кәсіби дамуға қосымша ынталандырулар қарастырылған.

Әлеуметтік кепілдіктер блогы да күшейтілді. Атап айтқанда, ұзақ жылдар мемлекеттік қызметке еңбек еткен қызметшілерге зейнеткерлікке шыққанда біржолғы төлем беру, еңбек өтіліне қарай қосымша ақылы демалыс күндерін ұсыну және қысқа мерзімді ақылы демалыс беру нормалары енгізілді. Бұдан бөлек, заңда тәртіптік жауапкершілік институты жетілдіріліп, құқықбұзушылықтардың алдын алуға ерекше көңіл бөлінген. Мемлекеттік органдарда профилактикалық қызметтер құрылып, олардың қызметін әдеп жөніндегі уәкілдер үйлестірді. Жалпы алғанда, жаңа заң мемлекеттік қызметтің ашықтығын, тиімділігін және тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ кәсіби әрі халыққа бағдарланған мемлекеттік аппарат қалыптастыруға бағытталған.

– Быыл мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімі толық цифрлық форматқа көшті. Бұл жүйенің қандай артықшылықтары бар?

– Иә, быыл мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері толықтай цифрлық форматқа көшіріліп, кадрларды іріктеудің жаңа моделі енгізілді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттік қызметке кірудің ашықтығын, әділдігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету. Жаңа жүйенің негізгі артықшылықтарының бірі – конкурстық қатысу процесінің едәуір жеңілдетілуі. Бүгінде азаматтар конкурстық қашықтан, онлайн форматта қатыса алады. Сонымен қатар, бұрын үміткерлер тапсыратын заңнама блоктарының саны 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Бұл кандидаттардың дайындық процесін онтайландырып, артық әкімшілік жүктемені азайтты. Сондай-ақ іріктеу рәсімдерінде «адам факторын» әсері барынша төмендетілді. Тестілеу кезінде тәуелсіз прокторинг жүйесі қолданылады. Бұл тестілеудің объективті әрі әділ өтуіне мүмкіндік береді. Үміткерлердің жеке деректері құпия сақталып, барлық процесс бейнежазба арқылы тіркеледі. Нәтижесінде конкурстық кезеңдерінің ашықтығы мен сенімділігі арта түседі.

Конкурстық қатысу үшін азаматтарға «Qyzmet» ақпараттық жүйесінде тіркеліп, қажетті құжаттарды электронды түрде жүктеу жеткілікті. Мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе белгілі бір үзілістен кейін қайта оралатын азаматтар заңнама бөлігіне арналған тестілеуден және жеке қасиеттерін бағалау рәсімінен өтеді. Басшылық лауазымдарға үміткерлер үшін қосымша эссе жазу кезеңі қарастырылған.

Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша ең жоғары нәтижеге қол жеткізген үміткерлер әңгімесіне немесе практикалық бағалауға жіберіледі. Ал ең көп балл жинаған кандидат бос

– Мемлекеттік қызмет – қоғам тарапынан жоғары жауапкершілік пен кәсібилікті талап ететін маңызды сала. Бұл жүйеде қызмет атқаратын мамандардың жұмысы қобіне сырт көзге көрінбейтін, бірақ үлкен еңбек пен жауапкершілікті қажет ететін бағыттардан тұрады. Ең алдымен, мемлекеттік қызметшілердің әрбір шешімі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер ететіндіктен, шешім қабылдау барысында құқықтық дәлдік пен заңдылық қағидаттарын сақтау жоғары деңгейде талап етіледі.

Екіншіден, мемлекеттік қызмет саласында жүктеменің кезеңдік түрде артуы, әсіресе есептілік, жоспарлау және шұғыл тапсырмаларды орындау кезеңдерінде байқалады. Мұндай жағдайларда барлық рәсімдер заңнама шеңберінде және белгіленген тәртіппен орындалады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттері мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуын, еңбек жағдайларының заңнамаға сәйкестігін және әдеп стандарттарының орындалуын тұрақты түрде бақылауда ұстайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жүйесі қарастырылған, бұл олардың кәсіби қызметін тұрақты әрі қорғалған жағдайда атқаруына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қызмет – тек міндеттер жиынтығы емес, сонымен бірге құқықтық тұрғыдан толық реттелген және мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етілген кәсіби жүйе.

– Департаменттің биылғы басты жетістігі деп нені айта бересіз?

– Биылғы жылғы басты жетістіктеріміздің бірі – өңірдегі мемлекеттік қызметтің кадрлық тұрақтылығын қамтамасыз ету және бос лауазымдарды уақытылы әрі сапалы толықтыру бағы-



лауазымға тағайындалуға мүмкіндік алады. Жалпы алғанда, цифрлық іріктеу жүйесі мемлекеттік қызметке дарынды, білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды тартуға, сондай-ақ кадрлық процестердің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

– Жастарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында жүйелі әрі нақты тетіктер іске асырылуда. Соның бірі – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуын үздік аяқтаған түлектерге берілетін ерекше мүмкіндік. Атап айтқанда, уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес оқу нәтижесімен бітірген азаматтар оқуын аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде конкурстық өткізілімстен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу құқығына ие болады. Бұл тетік жас мамандардың мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетуге және олардың кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануға бағытталған. Аталған мүмкіндік шеңберінде түлектер жергілікті атқарушы органдарда, аудандық және облыстық маңызы бар қалалар мен ауылдық деңгейдегі әкімдіктер аппараттарында, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде басшылық емес лауазымдарға конкурстық орналаса алады.

Бұл жүйе жастарды ауылдық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік басқару ісіне тартуға, олардың тәжірибе жинауына және мемлекеттік қызметке ерте бейімделуіне жол ашады. 2023 жылдан бастап осы тетік қолданысқа енгізілген сәттен бүгінгі күнге дейін облыста 22 жас түлек конкурстық мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасты. Бұл көрсеткіш жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттырып келе жатқанын және аталған тетіктің тиімді жұмыс істеп отырғанын дәлелдейді.

– Мемлекеттік қызметші жұмысының қоғамға көрінбейтін қиын тұстары қандай?

– Мемлекеттік қызмет – қоғам тарапынан жоғары жауапкершілік пен кәсібилікті талап ететін маңызды сала. Бұл жүйеде қызмет атқаратын мамандардың жұмысы қобіне сырт көзге көрінбейтін, бірақ үлкен еңбек пен жауапкершілікті қажет ететін бағыттардан тұрады. Ең алдымен, мемлекеттік қызметшілердің әрбір шешімі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер ететіндіктен, шешім қабылдау барысында құқықтық дәлдік пен заңдылық қағидаттарын сақтау жоғары деңгейде талап етіледі.

Екіншіден, мемлекеттік қызмет саласында жүктеменің кезеңдік түрде артуы, әсіресе есептілік, жоспарлау және шұғыл тапсырмаларды орындау кезеңдерінде байқалады. Мұндай жағдайларда барлық рәсімдер заңнама шеңберінде және белгіленген тәртіппен орындалады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттері мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуын, еңбек жағдайларының заңнамаға сәйкестігін және әдеп стандарттарының орындалуын тұрақты түрде бақылауда ұстайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жүйесі қарастырылған, бұл олардың кәсіби қызметін тұрақты әрі қорғалған жағдайда атқаруына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қызмет – тек міндеттер жиынтығы емес, сонымен бірге құқықтық тұрғыдан толық реттелген және мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етілген кәсіби жүйе.

– Департаменттің биылғы басты жетістігі деп нені айта бересіз?

– Биылғы жылғы басты жетістіктеріміздің бірі – өңірдегі мемлекеттік қызметтің кадрлық тұрақтылығын қамтамасыз ету және бос лауазымдарды уақытылы әрі сапалы толықтыру бағы-

тындағы жұмыстардың нәтижелі жүзеге асырылуы деп айтар едім.

Департамент тарапынан жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде облыс-та мемлекеттік қызметтегі бос орындар деңгейін төмен деңгейде ұстап тұруға қол жеткізілді. Бұл мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар, жас кадрларды мемлекеттік қызметке тарту және қолдау бағытындағы жұмыстар да өз нәтижесімен беруде. Бүгінде мемлекеттік грант негізінде жоғары оқу орындарын үздік аяқтаған түлектер төменгі лауазымдарға, ал Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері жоғары лауазымдарға конкурстық іріктеуісіз орналасу мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл тетіктер 2024 және 2025 жылдары тиімділігін дәлелдеп, биыл да өз жалғасын табуда.

Өңірміз үшін ерекше маңызды ең жетістіктердің бірі – Президенттік жастар кадр резервіне енген азаматтардың жауапты мемлекеттік лауазымдарға тағайындалуы. Бұл резервтің еліміздегі меритократия қағидаттарын нығайтудағы маңызды құралға айналғанын көрсетеді.

2026 жылғы 5 қаңтардан бастап Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі Жұмажан Сақыбай Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің сарапшысы лауазымына тағайындалды. Сондай-ақ 2026 жылғы 27 сәуірден бастап резерв мүшесі Ербол Булебаев Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары лауазымына тағайындалды. Бұл тағайындаулар Қызылорда өңірінен шыққан білікті жастардың кәсіби әлеуетінің жоғары екенін және олардың мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды міндеттерді атқаруға қабілетті екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, аталған нәтижелер мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрлық әлеуетті нығайту, меритократия қағидаттарын ілгерілету және талантты жастарды қолдау бағытындағы жұмыстардың тиімді іске асырылып жатқанын айғақтайды.

– Әріптестеріңізге тілегіңіз...

– Құрметті әріптестер, кадрлік мемлекеттік қызметшілер! Сіздерді 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген, мемлекет пен халық арасындағы сенім көпірін беріп ұстап отырған сіздерге көрсетілетін зор құрмет пен ризашылықтың күні.

Мемлекеттік қызмет – бұл мамандық қана емес, бұл – елге адал қызмет етудің, қоғам мүддесін жеке мүдделен жоғары қоюдың үлкен миссиясы. Бұл жол әрбір шешімде әділдікті, әрбір әрекетте жауапкершілік пен кәсіби адалдықты талап етеді.

Сіздер – ел дамуының тірегі, халықтың мемлекетке деген сенімінің басты кепілісіздер.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметші – бұл тек басқару жүйесінің бір бөлігі ғана емес, ол – қоғам мен мемлекеттің арасындағы сенімді нығайтатын, азаматтардың сұранысына жедел әрі сапалы жауап беретін маңызды тұлға. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігімен қатар, адалдығы, ашықтығы және жауапкершілігі ерекше мәнге ие. Алдағы уақытта да мемлекеттік қызмет саласындағы реформалар жалғасып, «халыққа қызмет ету» қағидаты одан әрі күшейе түсетініне сенім мол.

Осы орайда, барша мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен тағы да шын жүректен құттықтай отырып, еліміздің игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амаңдық тілеймін!

– Әңгіменізге рахмет! Кәсіби мерекелеріңіз тағы да құтты болсын!

Сұхбаттасқан Айсауле  
ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

/// БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

# ҚЫРЫҚ ЖЫЛДА ҚҰРЫШТАЙ ШЫҢДАЛҒАН

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 23 маусым – Бүкіләлемдік мемлекеттік қызмет күні ретінде белгіленгені мәлім. Бұл кәсіби мереке 2013 жылдан бері біздің елімізде де ресми түрде бекітілген. Жыл сайын аталып келе жатқан бұл күннің негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесіндегі қызметкерлердің еңбегін елеу.

Тура алпыстың асуын бағындырып отырған, қырық жылға жуық мемлекеттік қызметтің ыстық-суығында құрыштай шыңдалған Қазалы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Бақытжан Дүзелбайұлы Жарылқап 1966 жылы Арал ауданының Октябрь ауылдық кеңесінде 23 маусымда өмірге келген.



жоспарлау бөлімінің менгерушісі, аудан әкімдігінің бас маманы, бас инспекторы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас

1989 жылы Алматы Халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірген ол еңбек жолын Қазалы ауданының Бозкөл кеншіарында еңбек жөніндегі аға экономист болып бастаған. Содан бері аудан экономикасын өркендету үшін Бақытжан Дүзелбайұлы түрлі саланың тетігін ұстады. 1992 жылдан 2011 жылға дейін Қазалы ауданының қаржы бөлімінде аға экономист, 2-санатты экономист, бюджет инспекциясының бастығы, бөлім бастығының орынбасары, аудандық экономика және бюджеттік

инспекторы болып мемлекеттік қызметтің сан салалы сатысынан сүрінбей өтіп, абырой биігін көрінді.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры, қатарынан екі мәрте аудан әкімінің орынбасары, экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы болып қызмет атқаруы да Бақытжан Дүзелбайұлының мемлекеттік қызметтегі тәжірибесін толықтырды. Қай жерде де істің тетігін таба білетін маман ретінде құрметті.

Аудандық мәслихат хатшысы, аудан әкімінің кеңесшісі, ал 2024 жылдың шілде айынан бүгінгі күнге дейін аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы болып жемісті еңбек етіп келеді. Бақытжан Жарылқаптың мемлекеттік қызметкер ретінде ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуына қосқан үлесі елеусіз қалған жоқ. Өр жылдары иеленген Президенттің Алғыс хаты, Сенат төрағасының Құрмет грамотасы, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, аудан әкімінің Алғыс хаттары, сонымен қатар «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» атағы және мерейтойлық төсбелгілері бар.

Әлімжан ҚИЯС. Қазалы ауданы



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Жемқорлық – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке зиян тигізетін дертпен күрес бір сәтке де тоқтаған емес. Еліміздің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуі жолындағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл жолда атқарылып жатқан толымды іс көп болғанымен, тыйымдай тұр.

Жемқорлық – қоғамның дамуын тежейтін фактор. Алдын алу үшін жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру өте маңызды. Бұл дегеніміз – адамдардың жемқорлық әрекетті әлеуметтік құлымдық деп қабылдауы. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңмен бекітілген. Соның аясында тың жобалар мен бастамалар, іс-шаралар ұйымдастырылады. Әсіресе жастардың жемқорлыққа жол бермеуі бәрінен де маңызды. Ол үшін құқықтық сауаттылықты арттыру ерте кезден қалыптасқан жөн.

Белгілі ғұлама, әлемнің бірінші ұстазы атанған Аристотель «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты» деген екен. Сол себепті жастар бар мүмкіндігін пайдаланып, қоғамда адалдық принципін орнатуға күш салуы тиіс.

Сыбайластықты кейде байқамай да қалуымыз мүмкін. Өйткені үйреншікті жағдайға айналып кеткен. Біз бір нәрсені жіті түсінуіміз керек, жемқорлыққа жол бермеу кез келген адамның қолынан келеді.

Барлық салада жетістікке жету үшін адал еңбек пен шынайы ықылас болса жеткілікті. Уақыт өте келе еңбек бағаланады. Ал кейбіреулер сол биікке тез жетіп, бәрінің жылдам болғанын қалайды. Осылайша жалған әрекетке барып, көзбояушылыққа жол береді. Салдарынан адам орық жейді, беделіне нұқсан келеді, заң алдында жауап береді.

Дегенмен заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Көкейтесті мәселелерді шешу үшін заңдылық жетілдірілді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде келенсіздіктің азайғаны байқалады.

Негізгі жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз, яғни бұл қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуына бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Сол себепті кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесу – басты талап. Мәселен жас маман жоғары оқу орнын үздік бітіріп, қолына диплом алады. Енді жұмысқа орналасу керек. Мамандығына сәйкес көптеген мекемеге түйіндемесі тастайды. Белгілі бір уақыттан кейін өңгімелеу кезеңінен өтіп, жұмысқа қабылданады. Өзінің білім мен іскерлігін, жауапкершілігін көрсетіп, аз уақыт ішінде жана ортаға тез бейімделіп кетеді. Ал екінші жас маман қолына диплом алады. Таныс-тамыр, ағайын-туысын салып, оңай олаңжын қашан бұйырарын күтеді. Жолы болып жұмысқа орналасады. Бірақ ол жүктемелер ісіне жауапкершілік танытпай, ортасына сіңісе алмайды. Екі жағдайдағы айырмашылық жер мен көктей. Өзі еңбек етіп, талпынған адам қоғамға қосылса, оңай жолмен пайдаға кенелгісі келетін жастың жолы болмайды. Мұндайда «Адалдық – ардың ісі» деген сөздің ақиқатына көз жете түседі.

Иә, сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп, небір тегеурінді қарсылықтарға қарамастан, тамырын жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған кесел. Саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елді қатты алаңдатып отырғаны анық. Бұрын «жемқорлық», «пара», «сыбайлас» деген сөздерді естігенде құлағымыз елең ете қалатын. Өкініштісі, бұл дерттің қалыптасу жағдайы айналып бара жатқаны.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Президент «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» үш тұғырының бір негізі ретінде индетпен күрес жолын атап өтті. «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді» деген болатын.

Біздің түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. Сол себепті жемқорлықпен күрес барлық азаматтың боршы деп білу керек. Бірақ бұл оңай дүние емес. Ғасырлар бойы шыңдалған дертпен күресу жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе алатынымыз анық.

Осы ретте Президент пәрменімен өңірлерде жемқорлыққа итермелейтін проблемаларды талдау қолға алынған болатын. Облыста бұл бағыттағы жұмыс қарқынды. Барлық салада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Әсіресе жастар арасында бұл дерттің жолын кесуде тынғылықты іс бар.

Не десек те, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күннің талабы. Ал оның алдын алуға әрбір адам жауапты.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



Фото ашық дереккөзден

# ӘКЕМНІҢ АМАНАТ СӨЗІ – «ЕШКІМНІҢ АЛА ЖІБІН АТТАМА»

Біз әуелі мемлекеттік қызметкер кім деген сұрақтың басын ашып алайықшы. Ресми тілмен тарқатсақ, бұл – мемлекеттік мекемеде қызмет атқаратын, белгілі міндеттері мен лауазымына сай функционалдық өкілеттігі бар азамат. Оған заңмен белгіленген жаалақы төленеді. Ал жалпақ тілмен айтсақ, мемлекет атынан жұмыс істеп, халыққа қызмет көрсететін, ел дамуы мен заңда белгіленген әрекеттердің орындалуын қамтамасыз ететін адам.



Мажмұт Марат есімі біздің Сырдағы БАҚ өкілдеріне жақсы таныс. Арал ауданындағы қоғамдық даму бөліміне жетекшілік ететін жігіт ағасы 17 жылдан бері осы салада тер төгіп келеді. Соның ішінде 10 жылға жуық уақыт бөлім басшылығын абыроймен атқарып отыр.

Рас, мемлекеттік қызметкер дегенде көз алдымызға алдымен министр, облыс бөлім аударан әкімі, орынбасарлар келеді. Бұдан соң ғана әкімшілік қызметкерлерін есепке аламыз. Бөлім басшылары мен мамандарды, департамент пен комитет қызметкерлерін елестете бастаймыз. Біздің кейіпкеріміз де кейінгі топ ішінде болар. Жалпы көбіне-көп орындаушылық деген сапта жүретін мұндай мемлекеттік қызметкерлердің түнгі ұйқысы шала, күндізгі ісі алашапқын болатынын бірі біліп, бірі білмес.

Мажмұт Марат есімі біздің Сырдағы БАҚ өкілдеріне жақсы таныс. Арал ауданындағы қоғамдық даму бөліміне жетекшілік ететін жігіт ағасы 17 жылдан бері осы салада тер төгіп келеді. Соның ішінде 10 жылға жуық уақыт бөлім басшылығын абыроймен атқарып отыр.

Алматыдан жоғары білім алған аралдық жігіт еңбек жолын теміржол саласында бастады. Иә, мемлекеттік қызметке келмес бұрын «Әскерилендірілген теміржол күзеті» Қазалы филиалында үш жыл тер төкті. Өзі де осы қызметтің алғашқы баспаңдағында жауапкершілік дейтін қасиетті бойға қалыптастыра бастады.

– Мемлекеттік қызметке әбден толысып барып, 30 жасымна тағаныма келдім. Өуелі сол уақытта аудандық ішкі саясат бөлімі деп аталатын мемлекеттік мекемеге жетекші маман болып қабылдандым. Бір жылдан соң бас маман болып тағайындалдым. Бұл қызметке 5 жыл жүрдім. Өбден ысылып-төселдік. Үйренгенім көп болды. 2015 жылы басшылықтың ұсынысымен Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар мен азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының орынбасары қызметі берілді, – дейді ол.

Мажмұт өзінің елге қызмет етуге ықпалы ата-анадан келгенін жасырмайды. Әкесі өз уақытында «Арал» балық инспекциясы бөлімшесінде инспектор болды. Ал анасы Қалия ауданға белгілі ұстаз. Көп жыл №2 облыстық арнаулы мектеп-интернатында директор қызметін атқарды. Қазір немерелерінің қасында, зейнеткер.

– Мен әкемнен ерте айырылдым. Өкінішке қарай, менің азамат болып өр жеткенімді, шаңқар көтеріп, отбасы құрғанымды көре алмады. Қызмет бабында жүріп қайтыс болды. Балықшыларды құтқарып, артыныша сол мұз жарылып, өзінің де дәм-тұзы таусылды. Бірақ мен әрдайым әкемнен мақтанамын. Бүгінгі жеткен жетістіктеріміз, өмірлік ұстанымдарымыз артында оның тәрбиесі мен ақылы жатыр. Әкемің маған аманат етіп қалдырған бір сөзі бар. «Ешкімнің ала жібін аттама». Бір ғана сөз менің өмірлік темірқазығымна айналды. Қай ортада жүрсем де, қандай қызмет атқарсам да, сол өсиетті жүрегімде сақтап келемін. Өйткені, адалдық – адамды биікке бастайтын ең асыл қасиет. Қызметте жүріп, өзімді салаға әбден пісірген ағалар еңбегі де мол.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

# ОҚУ ОРТАЛЫҚТАРЫ: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕНКЕ

Көктем келіп, әлгі мектептерге қабылдау басталды. Дайындық күшейді. Апта сайын тест алады. Ұнайы жаман емес. Көбіне логикалық тапсырмалар орындалады. Баланың денгейін көтеру үшін оқыту тәсілін жетілдіріп отырады. Ата-анаман де байланыс жүйелі.

Алғашқы тест күні. Назарбаев зияткерлік мектебіне келіп тұрмыз. Оқушылар мектепке қарай ағылды. Қаншама ата-ана сыртың күтті. Аңғарып қарасам, көпшілігі оқу орталықтарына әу бастан барған. Тіпті қосымша курс сатып алғандар да бар екен. Аталған мектептерге кемі 4-5 мың бала тапсырып жатыр. Бірақ бөлінген грант өте аз. Мәселен Кенже Айтбаева (аты-жөні өзгертіліп алынған) баласын екі жылдан бері арнайы оқу орталығына береді. Айына 74 мың теңге төлеген. Былтыр үлкен баласы осы орталықта дайындалып, дарынды балаларға арналған мектепке қабылданды. Енді орғаныш баласын дайындауға тасыды.

– Баламның жақсы оқығанын қаладым. Бесінші сыныпқа көшкенде ақылы орталыққа бердім. Алғашында мектептегі мұғаліміне қосымшаға бертім келді. Бірақ олар бас тартты. Солай осында келдік. Қазір мектепте қосымша оқыту жоқ. Мұғалімдердің өзі үлгерімі төмен балаға қосымша оқу орталықтарына баруға жөн сілтейді. Бұрын бізді қосымшаға мұғалім алып қалатын. Ол еңбегіне ақы сұрамайтын. Қазір басқаша. Амаз жоқ, үлгерімін жақсарту үшін ақылы оқу орталығына беруге тура келеді. Иә, бізде оқушы болдық. Мұғалім біздің талабымызға қарап, бағыт беретін. Мен 10-сынып оқып жүрген кезде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі зейнетке шығатын болып, мені 11-сынып оқушыларымға бірге дайындады. Күнде түстен кейін қосымшаға келетімін. Бар ынтасын салып, оқытты. Есесіне 11-сыныпта сабақ сабаққа дайындалдым. Айтайын дегенім ұстаздың оқушыдан үміт күткені болар. Зейнетке шығып кетсе де, дайындықты жалғастыра берді. ҰБТ кезінде жоғары балл жинадым. Ұстазым қуанды. Міне, біз білім алған тұстағы көрініс. Ал қазір көпшілік баласын ақылы курс пен орталыққа тасиды. ҰБТ тапсыратын балалар арнайы курстарға тіркеліп, сол арқылы дайындалады, – дейді ол.

Ал Толқын Сапарова баласын қосымша орталықтан бөлек, онлайн мұғалімнің апталық, айлық, жылдық курстарын сатып алған.

– Ағылшын, орыс тіліне шорқақ болғандықтан онлайн мұғалімге жүгіндім. Интернетті ақтарып әлгі ұстаздың сабағын құнаттым. Балаға жеңіл түсіндіреді. Аптасына үш күн қосымшаға барса, үш күн онлайн өзге пәндерді оқиды. Осылайша сабағын қадағалап отырдым. Бірақ балам ойдағыдай балл жинай алмай қалды. Енді 7-сыныпты өзінің мектебінде жалғастырады. Қанша қаражат жұмсалды. Бірақ еш өкінібеймін. Себебі баламның білімі тереңдей түсті, – дейді ол.

Былтыр пайдалануға берілген физика-математика бағытындағы мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының қабылдау емтиханына биыл 3574 оқушы тіркелген. Оның 1682-і қызылордалық бала болса, қалғаны өзге өңірден. Мектепке 75 оқушы ғана түсе алады. Сонда 1 орынға шамамен 48 талапкерден келеді. Мұнда білім беру әдісі мемлекеттік стандартқа сай, айырмашылығы, жаратылыстану пәндерінің барлығы ағылшын тілінде оқытылады. Физика-математика пәндерін аптасына 4-5 сағат, сонымен бірге ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға басымдық берілген.

Қабылдау тәртібі жөнінде айтар болсақ, ақпан айының 1-нен басталады. Емтиханға қатысқан оқушылар арасынан іріктелген 75 оқушы 7-сыныпқа қабылданады. Бір сөзбен айтқанда, білім ошағы математика пәніне қызығушылығы зор, жаратылыстану бағытында жан-жақты ынталы балаларды тереңдетіп оқытады. Бұл мектептің тест өтетін күні де еліміздің түкпір-түкпірінен ата-аналар ағылды. Бәрінің де үміті – баласының үлгілі оқу ордасының оқушысы атану.

Бұдан бөлек, қазір ағылшын тілі секілді өзге тілді үйрететін курстар да жетерлік. Бірі аптасына екі-үш реттен жұмыс ітесе енді бірі күнделікті бір-екі сағат тілді үйретеді.

Осы тұста мұғалімнің де ойын білдік. Бақыт Айданқызы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, қосымша курс жүргізеді.

